

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 67 – 75

«INSHA TAHIR WAHEED» – AS A SOURCE ON THE HISTORY OF KAZAKHSTAN AND CENTRAL ASIA

G. Kambarbekova

MES RK CS R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

Key words: Kazakhstan, Central Asia, Iran, India, history, clerk, diplomatic correspondence, palace protocol, kazakhs, shaibanids.

Abstract. This article discusses the source called «Insha Tahir Waheed» which has not been previously studied by Kazakh researchers. Persian source «Insha Tahir Waheed» contains more than 45 diplomatic and other letters. Among them, the authors found a letter in reply Abdulrahim biy to Kazakh Khan Tauke. The author gives valuable information about the diplomatic correspondence of the period under review, and reveals the inner content of this diplomatic letter.

УДК 930.221+94] (574/575)

«ИНШАЙ ТАХИР ВАХИД» – ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ

Ғ. Ә. Қамбарбекова

ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: Қазақстан, Орталық Азия, Иран, Үндістан, тарих, хатшы, дипломатиялық хаттар, сарай хаттамасы, қазақтар, шайбанилер.

Аннотация. Мақалада парсы тілінде жазылған «Иншай Тахир Вахид» дереккөзі қарастырылады. Парсы тілінде жазылған «Иншай Тахир Вахид» дереккөзіне 45-тен астам дипломатиялық хаттар мен басқа да хаттар енген. Осы дипломатиялық хаттар ішінен автор Әбдурахим бидің Тәуке ханға жазған жауап хатын кездестірген. Автор қарастырылып отырған кезеңдегі дипломатиялық хаттар туралы құнды мәліметтер бере отырып, жоғарыда сөз болған дипломатиялық хаттың ішкі мазмұнын жан-жақты талдайды.

Тахир Вахидтің «Инша» шығармасы немесе «Инша-йи Тахир Вахид» деп те аталатын шығарма бұрындары отандық зерттеушілер тарапынан арнайы зерттелмеген және мәтіні жарық көрмеген, өзге тілдерге аударылмаған еңбектердің қатарына жатады. Бұндай хаттар жинағы Иранда Сефевидтер (1501-1736 жж.) билік құрған тұста нық қалыптасып, белгілі жүйесін тапқан. Иран шахтары Сефевидтер әулеті билікке келмес бұрын сарай хаттамалары мен дипломатиялық хаттарды арнайы көшіртумен және оларды сақтаумен айналысқан. Алайда, сарай концеляриясының жұмысы дәстүр ретінде Сефевидтер әулеті тұсында сарайдың маңызды қызметі ретінде берік қалыптасады. Иранда Сефевидтер әулеті билікте болған кезде сарай хатшысы қызметі үлкен мәртебеге болып саналған. Сарай хатшысы атану үшін жер-жерден жазуы әдемі, сауатты талапкерлер жиналып, арнайы іріктеуден өткен хатшылар ғана жұмысқа қабылданатын болған. Сарай хатшыларына қойылатын талап өте жоғары еді. Қойылатын талапқа сай, сарай хатшылары бірнеше тілді білуі, ғылымның бірнеше саласын жақсы меңгеруі яғни, тарих, география, логика, философия және шешендік өнермен қатар Құран іліміне жан-жақты қанық болуы қажет болған. Сонымен қатар, сарай хатшысына қойылатын міндет – каллиграфия өнерін (хусни хат) бес

саусағындай білу. Сондай-ақ, сарай хатшысы мәртебесінің өскендігі сондай, сарайда хатшы болып қызмет ету арнайы лауазым ретінде қарастырылған. Сарай хатшыларының өздері ішінара топтарға бөлініп, бас хатшыны «мунши әл-мамалик» (билеушілердің хатшысы) деп атаған. Одан басқа, сарай хатшысы патшаға ең жақын адам ретінде саналған. Себебі сарай хатшысы ең көп уақытын патшаның жиынында, кездесулерінде өткізетін болған. Сарай хатшысы жай ғана сарай хаттары, мен сарай хаттамаларын жазушы, қайта көшіруші емес, бәлкім сарайдағы бүкіл құпияны білетін және сол құпияларды сақтайтын сенімді адам ретінде қарастырылған. Осы ретте, сарай хатшысы патшаның өмірбаянын, ерліктерін, жорықтарын да жіпке тізгендей жазып отыруы арқылы белгілі бір билеушінің жылнамашысы, яғни тарихшысы қызметін атқарған. Мысалы, Иранда Сефевидтер әулетінің танымал билеушісі І шах Аббастың бас хатшысы Ескендірбек Түркмен осы патшаның өмірбаяны мен ерліктерін баяндайтын «Тарих-и алам ара-йи Аббаси» атты әрі қомақты әрі тарихы маңызды еңбекті жазған. Хатшы яғни «мунши» қызметінің артуымен сарайға келіп түсетін барлық дипломатиялық хаттар, құттықтаулар, бітімшарттар мәтіні мен жеңіс декларацияларын жүйеге түсіріп, қайта көшіріп, бірнеше нұсқасын бірнеше жерде сақтау ісі жолға қойылады. Бұндай ыждағаттылықпен жұмыс істеу уақыттың талабы болатын. Сол кезде Иран патша сарайларынан басқа патшалар, билеушілер, шахтар мен корольдердің сарайында да тура осындай сарай концеляриясы жұмыс істейтін болған. Сондықтан уақыт талабына сай, сарай хатшыларының сарайдың тыныс-тіршілігінен алатын орны артып, ерекше ілтипатқа ие болған кезде дүниеге келген көптеген парсы тіліндегі (түрік және араб тілінде де осындай хаттар жинағы жазылған) жазба мұралар «муншаат», «макатиб ва муншаат», «муджму'а ва джунг» немесе «мажму'ай макабит», «инша», «инша'ат» деген аттармен сақталған. Айта кету керек жай, осындай сарай хатшыларының қолымен жазылған қомақты тарихи шығармалар ел арасына кең тарап, ал олардың хаттар жинақтары мен сарай хаттамалары ел арасына азырақ танылған. Бұның өзіндік себептері де жоқ емес. Қомақты тарихи шығармаларды жазып қалдырған сарай хатшылары маңызды мемлекеттік хаттардың жинағын «мажму'а» немесе «макатиб» деп атап, олардың бірнеше нұсқасын дайындайтын болған. Сондағы мақсаты сарай хаттары жоғалмасын, тарихи мәнін жоймасын деген ниетпен көшіріп отырған. Яғни, бір нұсқасы жоғалған күннің өзінде екіншісі сақталсын деген ниеттен туындаған. Десек те сарай хаттарын арнайы көшіріп жазудың тағы бір себебі бар. Белгілі бір билеушінің дипломатиялық хаты өзге бір билеушіге жөнелтілгенде, түпнұсқасы (патшаның мөрі мен қолы қойылған) елшілер арқылы жіберіліп, осы хаттар мәтінінің дәлме-дәл көшірмесі жасалып, кім арқылы, қай кезде жөнелтілгеніне дейін хатталып отырған. Көптеген билеушілер осындай әдіс арқылы өздері жазған хаттардың мәтіндерін біліп отыруды көздеген. Ал адресаттың хаты келіп жетісімен, оның да көшірмесі дайындалып, түпнұсқа хаттарды бөлек сақтау жүйесі жұмыс істеген. Әрине, сарай төңкерістері болған кезде кейбір түпнұсқа хаттар жоғалып, өртеліп кеткен кездер де кездеседі. Иран патшаларының сарайында да осындай жүйе жұмыс істеп, нәтижеде көптеген хаттар жинағы бүгінгі күнге жеткен. Оларды зерттеудің қиыншылығы осы сарай хаттар жинағының аттарының бірдей болуында. Яғни, көптеген хаттар жинағы «макатиб» немесе «мажму'а» деген атпен сақталған. «Мажму'а» немесе «макатиб» деп аталатын қолжазбалар Иран кітапханаларында көптеп ұшырасады. Алайда, біз іздеген хаттар жинағы жүздеген «мажму'а» шығармаларының қайсысынан кездесетінін білу үшін олардың әрқайсысына тапсырыс жасап, арнайы оқып, зерттеп барып қана анықтауға болады. Десек те кейбір осындай сарай хаттары жинағының анықтауыштары кездесіп те қалады. Сондай хаттар жинағының бірі – «Иншай Тахир Вахид» деп аталады. Кітап ретінде арнайы түптелген бұндай қолжазбалардың атына қарап, ішінде қандай дипломатиялық хаттар бар екендігін бір дегенде анықтау қиын. Бірақ, Тахир Вахидтің кім екенін анықтау арқылы қолжазбаның құндылығын анықтау қиын емес. Сондықтан біз қарастырғалы отырған дереккөздің анықтауышы болып тұрған Тахир Вахид кім деген сұраққа жауап іздейік.

Тахир Вахид Иранда Сефевидтер әулетінің билеушісі ІІ Шах Аббастың (1642-1666 жылдар аралығында билік құрған) бас сарай хатшысы болып ұзақ жылдар қызмет атқарған тарихшы. Толық аты-жөні – Мұхаммад Тахир Хусейн Вахид Қазвини [Ибрахим Дехган, 1349/1970, 13 б.]. Мұхаммад Тахир Вахид (1605/6-1699) өзінің шешендік өнерімен, ақындығымен, әрі көркем жазуымен сефевидтер әулетінен шыққан билеуші ІІ Аббас шахтың назарына ілігіп бас хатшы (мунши әл-мамалик) дәрежесіне ие болған [Ибрахим Дехган, 1349/1970, 14 б.]. Бас сарай

хатшысының міндеті тек қана хаттарды жазу немесе көшіру емес, сол билеушінің ата-бабасынан бергі тарихын да жазып қалдыру болған. Егер бұған дейінгі сефевидтер әулетінің адуынды билеушісі I Шах Аббастың (1598-1624 жылдар аралығында билік құрған) бас сарай хатшысы Ескендірбек Түркмен «Тарих-и алам ара-йи Аббаси» шығармасын жазып қалдырса, Мұхаммад Тахир Вахидтың алдында да тура сондай міндет тұрған болатын. II Шах Аббас өзінің даңқты атасы I Шах Аббасқа қатты еліктеген. Сондықтан атасының атымен аталғанды жөн санаған. II Шах Аббастың жанында жиырма үш жылдай тұрақты түрде сарай хатшысы қызметін атқарған Мұхаммад Тахир Вахид осы патшаның өмірбаяны мен ерліктеріне арналған «Аббас-нама» атты тарихи еңбекті жазады. Сол кездегі дәстүрге сай автор еңбегін патшаға арнайды. «Аббас-нама» шығармасын автор өзі куә болған тарихи оқиғаларға негіздеп жазған. «Аббас-нама» шығармасы кейде «Шах Аббас сани» (екінші шах Аббас) деп те аталады. «Аббас-нама» шығармасы «Тарих-и алам ара-йи Аббаси» еңбегінің құндылығымен бірдей бағаланады. Себебі, билеушінің өмір сүрген әрбір жылындағы тарихи оқиғаларды баяндайтын ең құнды еңбек осы шығарма. Алайда, II Шах Аббас өзінің адуынды атасындай үлкен реформалар мен үлкен ерліктер жасамағандықтан, «Аббас-нама» шығармасы да атасынан қалған елдің шекарасын барынша сақтауға тырысқан билеушінің тарихы ретінде қарастырылады.

Бұл тарихи шығарманың үш тізімі сақталған. Оларды Тегерандағы Мәжіліс [Фихристи кітапхана-йи маджлис-и шаураи ислами, Т. 38., 165 б.], Маркази [Фихристи кітапхана-ий маркази данишгах-и Тихран, Т. 16., 717 б.] және Малек [Фихристи кітапхана-йи мелли Малек, Т.3., 553 б.] кітапханаларының қолжазба қорларынан кездестіре аламыз. Сонымен қатар, «Аббас-нама» шығармасы мен осы шығарма туралы қысқаша ғылыми аннотацияны бірнеше парсы қолжазбаларының каталогынан кездестіруге болады [Стори, 315:1; Брегель, 1282; Мушар, 724; Мунзави, 4361; Миклухо-Маклай, 349]. «Аббас-нама» шығармасының қолжазба нұсқасы Иранда зерттеліп, жарық көрген. Алғаш рет бұл шығарманы зерттеп, ғылыми айналымға енгізген ғалым – Ибрахим Дехган [Ибрахим Дехган, 1349/1970, 353 бет]. Жарық көрген жылына қарап, кітаптың ертеректе жарық көргеніне көз жеткіземіз. Өкініштісі «Аббас-нама» шығармасы әлі күнге дейін екінші рет баспадан жарық көрмеген. Сондықтан Ибрахим Дехган баспаға әзірлеген «Аббас-нама» кітабы қазірше осы шығарманың жалғыз басылымы болып табылады.

Мұхаммад Тахир Вахид сарай хатшысы, жылнамашысы әрі ақын ретінде түрлі тақырыптарға арналған шамамен жиырмадан астам шығарма жазып қалдырған. Бірақ сол шығармаларының ішіндегі «Аббас-нама» шығармасы тарихи шығарма ретінде құнды еңбек ретінде бағаланатыны сөзсіз. Құнды болатын себебі де жоқ емес. «Аббас-нама» шығармасының соңына қарай қызықты мәлімет кездеседі. Шағын ғана мәліметте қазақ патшасының елшісі келгендігі жазылған. Оқиға орын алған жыл – 1072/1662 жыл. Қысқаша мәліметте қазақ патшасынан елші бұрын-соңды келмегендігі, осы жолы бірінші рет келіп, елшісі арқылы жоғары мәртебелі Иран шахына өзінің сенімін білдіретінін жеткізгені сөз болады. Ал Иран шахы алыс жерлерден келген қазақ патшасының елшісін сол кездегі рәсімге сай қабылдап, шығарып салғаны жазылған [Ибрахим Дехган, 1349/1970, 313 б.]. Бұл кезде (1662) қазақ хандығы қожырау кезеңін бастан кешіргені тарих беттерінен мәлім. Сондықтан бір ауыз сөйлем болса да, бұл мәлімет қазақ хандығының тарихын зерттеуге өзіндік септігін тигізетіні анық. Сонымен қатар, сол кезде бас сарай хатшысы болып жұмыс істеген Мұхаммад Тахир Вахид қазақ патшасының елшісі әкелген хаттың мәтінімен таныс болуы немесе қазақ патшасынан келген елшіден беріп жіберген жауап хаттың мәтінін қайта көшіріп, оның хаттамасын жасауы әбден мүмкін. Осы ретте Тахир Вахидтың хаттар жинағын зерттеу маңыздылығы туындайды.

Хаттар жинағынан басқа Тихир Вахид парсы және кейде түрік тілдерінде ғазалдар, маснавилер жазумен қатар дін, философия тақырыбына арналған бірнеше шығарма жазғаны мәлім. Бұл шығармалар Иранның өзінде арнайы зерттелмеген. Сарай хатшысы ретінде Мұхаммад Тахир Вахид патша сарайына келіп жеткен әрбір хаттың көшірмесін жазу міндетіне сай хаттар жинағын жеке жинақ ретінде жазып қалдырған. Ол өзінің жинағының атын «Иншай Тахир Вахид», яғни Тахир Вахидтың жазулары тіпті кейде «Тахир Вахидтың тарихы» (Тарих-и Тахир Вахид) деп атаған. Мұндай иншалар Иран кітапханаларының қолжазба қорларында көптеп кездеседі. Мұхаммад Тахир Вахидтың «инша» шығармалары кейде бірін-бірі қайталаса, кейде ішіндегі хаттар мазмұны әртүрлі болып келеді. Шамасы, Мұхаммад Тахир Вахид жиырма үш жылға созылған сарай

хатшысы қызметі кезінде бірнеше «инша» жазған болса керек. Яғни, алғашқы 4-5 жылда келіп түскен хаттар жинағы, келесі 4-5 жылда жиналған хаттар жинағы деп шартты түрде бөліп, әр бөлікке «Иншай Тахир Вахид» деп жазып, әр жылдары келіп түскен дипломатиялық және басқа да сарай хаттарын жеке-жеке хаттап отырған деп ойлаймыз. Оған дәлел ретінде Тегеран университеті жанындағы Орталық кітапхананың қолжазба қорында «Иншай Тахир Вахид» қолжазбасының бір нұсқасы сақталса, [Фихристи кітапхана-йи маркази данишгах-и Тихран. Т.9., 1189 б.] екіншісі Мәжіліс кітапханасының қорында сақталған [Фихристи кітапхана-йи маджлис-и шаураи ислами, Т.1., 47 б.]. Мұхаммад Тахир Вахид жазып қалдырған екі хаттар жинағын да қарап шықтық. Бұдан түйгеніміз, екі қолжазба екі түрлі кезеңдегі хаттарды қамтитындығы. Яғни, біріншісінде шайбанидтер әулетінің билеушілері мен сол кездегі Үндістан, Осман империясының сұлтандары мен басқа да хаттар енген. Ал екінші хаттар жинағына шайбанидтерден кейін билікке келген аштарханилер, моғол билеушілері мен Осман түріктерімен алмасқан дипломатиялық хаттар енген. Алайда, екеуінде де қазақ хандарымен алмасқан хаттар туралы ешбір дерек кездеспейді. Мұхаммад Тахир Вахидтың «Инша» хаттар жинағын іздеуімізді тоқтатпай, өткен жылға «Халық – тарих толқынында» атты мемлекеттік бағдарлама аясында Үндістан еліне жасаған ғылыми экспедиция барысында жалғастырдық.

Үндістандағы араб, парсы және түрік тілдеріндегі қолжазба қорларында бұрындары да отандық зерттеушілер жұмыс істеген. Алайда бұл сапар мемлекет тарапынан мақсатты түрде ұйымдастырылған тұңғыш арнайы сапар деуге толық негіз бар. Оның үстіне т.ғ.д. Л.Ерекешева екеуіміз Үндістандағы жұмыс жасаған қолжазба қорларында (Делидегі «Нұр» микрофильмдер орталығы, Хайдарабаттағы Салар-и джанг кітапханасы мен музейі, Патнадағы Худа-Бахш атындағы шығыс қолжазбалар кітапханасы) бұрын-соңды қазақстандық ғалымдардың жұмыс істемегендігі белгілі болды. Сонымен Үндістандағы парсы және түрік тілдеріндегі қолжазба қорларындағы жұмыс туралы айтпас бұрын азды-көп не үшін осы елге экспедиция ұйымдастырылғандығы жайлы айта кеткенді жөн санадық.

Үндістанда парсы тілі Бабыр шах пен оның ұрпақтары билікте болған кезде (1526-1858 жж.) ресми сарай тілі болғандығы баршаға мәлім. Парсы тілі бірнеше ғасыр бойы жоғары элитаның ғана тілі емес, бәлкім дипломатияның, іс жүргізу құжаттарының, поэзия мен тарихи шығармалардың, ресми сарай құжаттарының тілі қызметін атқарады [О.П. Щеглова, 2001, 6 б.]. Бұл дәстүр жалғаса беруі мүмкін еді, алайда дәстүрдің жойылуына ағылшындардың отарлау саясаты мен ағылшын тілінің Үндістанның ресми тіліне айналуы себеп болады. Екіншіден, XVIII ғасырдың 80-90 жылдар ағылшындары Үндістанды жаппай отарлау жылдары болып саналады. Алайда, жергілікті халықтың тілін, әдебиетін, тарихын білмейінше, бұл халықты отарлау және толығымен бағындыру мүмкін емес екендігін білген ағылшындықтар сол кездегі жергілікті моғол билеушілерінің ресми тілі парсы тілі мен парсы тіліндегі жазба мұраларды зерттеуге кіріседі. Сол кездерден бастап, алғаш рет ағылшын шығыстанушыларының атсалысуымен Үндістанда сақталған парсы тіліндегі қолжазбалар тізімге алына бастайды және олардың ішіндегі құнды дегендері Индия офис, Британ музейі, Оксфордтағы Бодлеан кітапханаларының қолжазба қорларына өткізіледі. Үндістанның Патна қаласындағы Худа-Бахш шығыс қолжазбалар кітапханасының қорында сақталған қолжазбаларды тізімге алуды және зерттеуді ағылшын ғалымы Е.Д.Росс бастаған шығыстанушылар бастаған [Catalogue of the Arabic and Persian Manuscripts in the Oriental Public Library at Bankipore, 1918, p.7]. Кейіннен жергілікті ғалымдардың атсалысуымен Дели, Хайдарабат, Рампур, Патна және Калькутта қалаларындағы қолжазбалар қорында сақталған шығыс қолжазбаларын жергілікті ғалымдар тізімге алып, каталогын жасауды қолға алады. Оған дәлел ретінде Хайдар-Абад қаласындағы Салар-и джанг музей және кітапханасының каталогын [A catalogue of the Persian manuscripts in The Salar Jung Museum and Library, 1965], Рампурдағы Раза кітапханасының каталогы [Catalogue of Persian manuscripts of Rampur Raza Library, 1996] мен Патна қаласындағы Худа-Бахш шығыс қолжазбалар кітапханасы қорының каталогтарын атап көрсетуге болады [Catalogue of the Arabic and Persian manuscripts in the Khuda Bakhsh oriental public library, 2010].

Үндістанда парсы тіліндегі қолжазбалардың көптігі де, олардың каталогтары жасалғандығы да қуантарлық жай. Сондықтан болса керек, Делидегі «Нұр» микрофильмдер орталығының каталогтарын қарап отырып, ішінде «Иншай Тахир Вахид» деген қолжазбаның бар екендігіне көз жеткіздік. Тапсырыс беріп, оқып, көшірмесін дайындадық. Ұзақ жылдар бойын Ирандағы қолжазбалар

қорынан іздеп, таба алмаған маңызды дерек осы жерден табылды. Ол – Қоқанды билеушісі Әбдурахим ханның (би) қазақтың ханы Тәукеге жазған жауап хаты болатын. Бұдан кейін Хайдарабад қаласындағы Салар-и джанг музей және кітапханасының қолжазба қорынан тағы бір «Иншай Тахир Вахид» қолжазбасы табылды. Енді, Үндістанның екі түрлі қаласындағы қолжазба қорларынан табылған екі бірдей «Иншай Тахир Вахид» шығармасының Үндістан жерінен табылуына тоқтала кетейік.

Мұхаммад Тахир Вахидтің шәкірттері көп болғандығы туралы ирандық ғалым И.Дехган жан-жақты баяндаған [Ибрахим Дехган, 1349/1970, 15-16 бб.]. Бұдан тыс, қарапайым логикаға сүйенсек те мұндай танымал сарай хатшысының 23-жылдық қызметі кезінде көптеген шәкіртті тәрбиелуі әбден мүмкін жағдай екендігіне көз жеткізе аламыз. Иран шахтарының сарайында бір ғана сарай хатшысы жұмыс істемеген. Олардың саны кемінде отыз, кейде қырық, елу тіпті жүзге жуық адам жұмыс істеген. Әрине, олардың ішіндегі тек біреуі ғана патшаның бас хатшысы қызметін атқару мәртебесіне ие болған. Ал, қалған сарай хатшыларының өзі бірнеше топқа бөлініп, әр топ өзіне тиісті жұмыспен айналысқан. Яғни, бір топ тек қағаз дайындаумен, екінші топ тек сия жасаумен, үшінші топ қағаздарды кесіп, кітап ретінде түптеумен, басқа бір топ қолжазбаны безендірумен, тағы бір топ мұқаба жасаумен, ал келесі бір топ көркем жазумен қолжазбаны әрлеумен, соңғы бір топ қайта көшірумін айналысқан. Шынтуайтына келгенде сарай концеляриясының қызметін бір институт деп атауға болады. Ең қиын жұмыс қайсы топтікі екенін айту қиын. Себебі барлық топтың жұмысы бір-біріне байланысты. Оның үстіне көшіруші топтың өзі бірнеше адамнан тұратындығын ескерсек, сол топтаға әрбір хатшы әртүрлі жазулармен жазатын болған. Бірінің жазуын келесісі қайлаталамауға тырысқан. Жалпы алғанда, Иран шахтарының сарай хатшылары сефевидтер әулеті билікте болған тұста үлкен танымалдыққа ие болған. Ирандық хатшылардың өлеңдетіп, әрбір сөзін астарлап жаткізу стилі көршілес елдердегі хатшылардың назарын өзіне сөзсіз аударған. Осы тұста бір хаттың жазылу тарихы туралы айта кеткен жөн. Бұл тарихи хатты Иран шахы Тахмасп Осман императоры Селимге арнап жазған. Сұлтан Сүлейменнің таққа отыруға лайықты емес деп саналған ұлы Селим таққа отырады (1566-1564 жж.). Шах Тахмасп өмір бойы Сұлтан Сүлейменмен алысып өткендіктен, оның орнына таққа отырған ұлы Селимге ерекше бір хат жолдау керек деп шешеді. Нәтижеде, сегіз ай бойы сексеннен астам адам қатысқан (ішінде ақындар, ғұламалар, тарихшылар бар) сарай хатшылары 75 беттік хат дайындайды [З. Себаиан, 1358/1979, С. 178]. Хат дайын болғанша шах Тахмасп хаттың мәтінін бірнеше рет оқытқызып, түзетулер енгізіп, өзі де редакциялауға қатысады. Бұл хатта Иран шахы Сұлтан Селимге әкесінің өліміне көңіл айта отырып, оның таққа отыруымен құттықтап қана қоймайды. Сондай-ақ осы хат арқылы өзінің ақылы мен парасатын, даңқы мен осал қарсылас еместігін көрсетуге тырысады. Бір ғана дипломатиялық хаттың жазылу тарихына қарап отырып, сарай хатшыларының қызметінің жауапты әрі ауыр жұмыс болғандығына көз жеткіземіз. Сонымен қатар, ирандық хатшылардың осындай ұзақ-сонар хаттары олардың даңқын арттыра түскені белгілі. Сондықтан болса керек, Үндістандағы моғол билеушілері Ираннан хатшылар алдыртып отырған. Біздің шамалауымыз бойынша Мұхаммад Тахир Вахидтың шәкірттерінің бірі Үндістанға аттанған. Бұл хатшы моғол патшаларына қызмет етуге барғанда өзімен бірге осы күнге дейін өзі көшірген хаттар жинағын алып барған деп есептейміз. Осы хатшы сол кездегі танымал сарай хатшысы болған Мұхаммад Тахир Вахидтың «Иншай Тахир Вахид» хаттар жинағын алып барған болуы керек. Себебі әрбір хатшы үлгі ретінде өзінің ұстазының жазуларын қолданатын болған. Әдетте ортағасырлық дипломатиялық хаттармен танысқанда, мәтіннің жартысынан астамы адресатты мақтауға арналатындығына куә боламыз. Ал адресатқа айтқысы келген нақты сөзі бірнеше сөйлем, ал қалғанының бәрі де поэтикалық жанрда жазылған мадақтаулар мен қолпаштау сөздер. Мәтіннің өзі таза парсы тілінде емес, арабша аралас парсы тілінде жазылатын болған. Мақтаулар мен көпшік сөздер барлық хаттарда қайталанып отыратындықтан, бір хатта пайдаланылған мадақтау сөздерді келесі хатта та пайдаланылғаны берген. Осы айтылған себептердің бәрін ескере отырып, «Иншай Тахир Вахид» шығармасының Үндістан қорларында сақталуын, танымал хатшының шәкірттері арқылы барғанымен түсіндіруге болады. Әрине, бұдан басқа да себептері болуы мүмкін, алайда ол жағы анықталмағандықтан қазірше жоғарыдағы пікірге тоқтаймыз.

Сонымен «Иншай Тахир Вахид» шығармасының екі бірдей нұсқасы Үндістанның екі түрлі қаласынан табылып отыр. Бұл екі нұсқа аттары бірдей аталғанымен ішкі мазмұны жағынан

айрмашылықтары бар. Хайдарабадтағы Салар-и джанг музей және кітапханасынан табылған қолжазбаның парақтар саны – 168, беттер саны – 336. Жазуы насх аралас насталиқ жазуы. Әр беттегі жолдар саны – 11. Қолжазбаның қайта көшірілген уақыты – 1193/1779 жыл, көшірушінің аты-жөні белгісіз. Ал Дели қаласындағы «Нұр» микрофильмдер орталығында сақталған «Иншай Тахир Вахид» қолжазбасының парақтар саны – 110, беттер саны – 220. Қайта көшірген – Муна Рам, көшірілген уақыты шамамен XVIII ғасырдың басы. Бұл қолжазбаның түпнұсқасы Алигарх мұсылман университеті жанындағы Маулана Азад кітапханасы қорында сақталған. Қолжазбаның жазуы талиқ аралас насталиқ жазуы. Әр беттегі жолдар саны – 25. Қолжазба тоза бастаған сәтте қайта көшіріп отыру қалыптасқан дәстүр. Бұған қосымша Үндістанда әлі күнге дейін қолжазбаларды қайта көшірумен айналысатын адамдар кездеседі. Сондықтан шығарманың авторы 1699-жылы дүние салғанын ескерсек, сол кезден бері Мұхаммад Тахир Вахидтың қолжазбасының қайта көшірілуі әбден мүмкін жай. Енді, ішкі мазмұнынан келетін болсақ, Хайдарабад тізімінде 73 тақырып қамтылған. Олардың қырық шақтай тақырыбы түрлі хаттар болса, екеуі жеңіс бітімшарты (фатх-нама), қалғандары Мұхаммад Тахир Вахидтың әр кездері өз шығармаларына жазған кіріспелері (алғысөз) болып табылады. Кіріспелерінің бірі – түрік тілінде жазылған. Хаттардың ішінде де черкестердің үлкеніне жазған хаты түрік тілінде жазылған. Бұған қарап, автордың түрік тілін жақсы білгендігіне куә боламыз. Айта кетер жай, бұл жинаққа енген хаттардың бәрі де дипломатиялық хаттар емес. Хаттардың арасында Тахир Вахидтың өзінің қазвиндік досына, танысына, Қазвиннің қазысына, хатшы досына, бауырына, баласына жазған хаттарын да кездестіруге болады. Ал, Алигарх тізіміне (Нұр микрофильм орталығында микрофильмі сақталған) келетін болсақ, оның беттер саны да, әр беттегі жолдар саны да көп әрі тығыз жазылған. Сонымен қатар, Алигарх тізіміне енген тақырыптар саны айтарлықтай көп, яғни 200-ден асады. Бұл тізімде де белгілі билеушілерге, сұлтандарға жазылған хаттармен бірге қарапайым адамдарға жазған хаттардың мәтіні кездеседі. Олардың ішінде хатшы Хусейнге, хатшы Хасанға, қазвиндік досқа, танысқа жазған хаттарды айта кеткен жөн. Екі тізімде тақырыптар қызыл түсті сиямен, ал негізгі мәтін қара түсті сиямен жазылған. Ең қызығы екі тізімде де Әбдурахим бидің Тәуке ханға жазған жауап хаты кездеседі. Екі тізімдегі хаттың көшірмесін мұқият оқып шығып, нәтижесі туралы төмендегі пікірді ұсынамыз.

Біріншіден, бұл дипломатиялық хат – жауап хат. Хаттың тілі – парсы тілі. Әдеттегідей хаттың тақырыбы қызыл түсті сиямен «*Әбдурахим-ханның өз тарапынан қазақ уәлиі Тәуке ханға жазған хаты*» - деп жазылған [Республикалық тарихи материалдарды зерттеу орталығы, қолжазба: 22]. Бұл жердегі Әбдурахим хан – Қоқан хандығының негізін қалаушы Шахрух-ханның (би) үлкен ұлы, көбінесе Әбдурахим би деген атпен танылған. Ал, Тәуке ханға қатысты айтатын болсақ, көптеген билеушілерді «уәли» деп атау сол кездегі дипломатиялық хаттарда жиі кездеседі. Мысалы, Әбдул-Әзиз хан - Түркістан уәлиі немесе Әбулғазиз хан - Үргеніш уәлиі және т.с.с. Осы хатты жазушы Қоқанд ханының үлкен ұлы Әбдурахим би (1722-1733), Тәуке ханның тұсында әлі билікке келмеген болатын (1626-1717/18), бірақ әкесінің орнына кез-келген уақытта таққа отыруы мүмкін тақ мұрагері еді. Шынында да Әбдурахим би Шахрух бидің үлкен ұлы әкесі өлген соң, билікке келеді. Қоқан қаласын астанасы етіп бекітіп, Әндіжан мен Ходжентті бағындырады. Самарқанд қаласын да аламын деп бірнеше рет шабуыл ұйымдастырып, нәтижеде өзі өлім құшады.

Екіншіден, бұл хатта қандай мәселе әңгіме болады деген сұраққа келетін болсақ, ол өзбектерге қатысты болғандығына көз жеткіземіз. Хатты жазушы Тәуке ханға көптеген мақтау сөздер айта отырып: «Ол дос (яғни Тәуке хан - Ғ.Қ.) өзінің хатын жолдау арқылы достығымызды әрлендірді. Шынайы дос (яғни Тәуке хан – Ғ.Қ.) хат жолдау арқылы достығымыздың маңыздылығын арттыра түсті» - деп жазады. Одан ары қарай негізгі мәселе сөз болады: «Өздерінің орнын білмейтін бір топ өзбектер туралы мәселеге келетін болсақ, олар кейде көрпесіне қарай көсілмей, одан артық көсіледі. Адамшылық (шынайылық) тілін біржолата кесіп тастап, араға көптеген топан сулар мен толқындар тастайды. Жоғары мәртебелінің (яғни, Тәуке ханның – Ғ.Қ.) жіберген елшілері осы тайпаның (яғни өзбектердің – Ғ.Қ.) қарақшыларының қолынан әрең дегенде құтылып, құдайдың қалауымен патша сарайының босағасына жетті. Осы тұздай ащы шындықты тек шүкіршілік дариясы ғана сабасына түсіреді», деген сөйлемнен соң екі жол өлең жазылған:

Жаратушының мейірімі сені қолдасын,
Шектен шыққандарды рәсуа етсін.

Бұдан ары қарай билеушінің (яғни Әбдурахим бидің әкесі Шахрух би) көптеген әскерді жіберіп ол аймақтың ойранын шығарғаны жазылған. «Енді жаратушының қалауымен жоғары мәртебелінің (яғни, Тәуке ханның – Ғ.Қ.) ісі жолға түсті (оңғарылды), ол жерлер жоғары мәртебелі билеушіге бағынатын болды, қызметін жасайтын болды. Анық нәрсе, егер қажет болған жағдайда, сіз қаласаңыз өтінішіңіз амалға асатын болады. Осы орайда, дұшпанды сеспей қатыратын бірнеше алысқа ататын соғыс қаруы, бірнеше қынға салынған семсер опасыз дұшпанды жою үшін жоғары мәртебеліге жіберілді» - деп аяқталады.

Бұл хаттың жауап хат екендігін ескере отырып, Тәуке ханның хаты не туралы болғандығын шамалауға болады. Тәуке ханның сұраған мәселесі де осы бір топ «көрпесіне қарай көсіле қоймайтын» өзбектер туралы болғанын аңғарамыз. Бұл мәселеде Қоқан билеушісі қол ұшын беріп, мәселені шешуге атсалысқаны осы хаттан анықтала түседі. Хатта, екі мәселе анық емес. Бірі – хаттың жазылған жылы, екіншісі – хаттың қалайша ирандық сарай хатшысы әрі тарихшысы Тахир Вахидтың хаттар жинағына енгендігі. Бірінші сұраққа келетін болсақ, бұл хат Тәуке ханға жазылған жауап хат болғандықтан 1717-18 жылға дейін жазылған хат. Бірақ нақты қай жылы жазылғанын әлі нақты анықталған жоқ. Бұдан басқа Әбдурахим би бұл кезде нағыз ержеткен кезінде болатын (1700-1732), яғни 1717/18 жылдарда 17-18 жастағы жігіт. Тарихта 13-14 немесе 16-17 жасар тақ мұрагері кеңесшісімен ақылдаса отырып, дипломатиялық хаттарға жауап хат жазып, алыс-жақыннан келген елшілерді қабылдай беретін болған. Иранның өзінде көптеген патшалар бала кезінде таққа отырғаны белгілі. Мысалы, 53-жылдан астам билік құрған Иран шахы Тахмасп таққа отырғанда он жасқа да толмаған бала болатын. Бірақ, соған қарамастан, өзге елдің билеушілеріне жауап хат жазып, өзі де үлкен келіссөздерге қатысып отырған. Сондықтан, осы кезеңге қатысты құжаттарды саралай отырып, хаттың жазылған нақты жылын әлі де анықтай түсеміз деген ойдамыз.

Енді, екінші сұрағымызға келетін болсақ, Әбдурахим би мен Тәуке ханның арасындағы хат қалайша ирандық тарихшы әрі сарай хатшысының хаттар жинағына енген деген сұрақ бәрімізді мазалайтыны сөзсіз. Тахир Вахидтың жақсы тарихшы, мықты сарай хатшысы екендігінде еш күмән жоқ. Алайда, хаттың Иран шахына арналмағанын ескерсек, бұл хаттың ирандық сарай хатшысының хаттар жинағына қалайша енді екен. Осы сұраққа жауап беру үшін жоғарыдағы хатты тағы бір рет мұқият оқитын болсақ, хатта Тәуке ханның елшісіне жолда өзбек қарақшылары тап болып, елші тобының әрең дегенде аман қалғандығы айтылған. Демек, Тәуке ханның елшісі арқылы жіберген хат қолды болған. Нәтижеде елшілердің өз аузынан Тәуке ханның айтқысы келгенін естіп, оған арнайы жауап жазған деген пікірдеміз. Әрине, бұл хаттың зерттеушілер тарапынан тағы бір үлкен кемшілігі бар. Ол – хаттағы мөрдің жоқтығы. Мөрсіз хат болмайды. Жоғарыда айтылған сарай концеляриясының жұмысына сай, Әбдурахим бидің қолы мен мөрі басылған хаттың көшірмесі жасалып, содан кейін Тәуке ханға жіберілген. Түпнұсқа хатты ендігіде Тәуке ханның сарай концеляриясынан іздегеніміз жөн. Ал, Тәуке ханның түпнұсқа хатының табылмауын қолды болғандығымен байланыстырамыз. Осы орайда айта кетер жай, сол кездерде патша елшілерінің жолын қарақшылар арнайы торитын болған. Себебі әрбір елші сол елдің патшасының ең үлкен құпиясын сақтаушысы болып табылған. Сондықтан, елшіні қолға түсірсе, біріншіден оның құпиясына қол жеткізеді. Ал, екіншіден, елшілер белгілі бір патшаға үлкен сый-сияпатпен баратынын ескергенде, қарақшылар бағалы сыйлықтарды тонауды көздейтін болған. Осы себептердің бәрін ескере отырып, қолды болған Тәуке ханның хаты Иран патша сарайының концеляриясына немесе Моғол билеушілерінің концеляриясына келіп түсуі әбден мүмкін. Одан кейін, хатты арнайы көшіріп, хаттар жинағына енгізсе керек. Хайдарабат тізімінде Тахир Вахидтің иншасы 1192/1779 жылы қайта көшірілгендігі жазылған. Демек алғашқы жазылған кезі бұдан әлдеқайда бұрынырақ жазылған дегенді білдіреді. Алигарх тізімін қайта көшірген адам көптеген қателіктер жіберген және салақ жазылған. Бұл тізімнің қайта көшірушісі – Муна Рам, яғни жергілікті азамат. Бірақ, қайта көшірілген жылы белгісіз. Қағазы мен бояуына қарап, шамамен XVIII ғасырдың басы деп есептейміз.

Осы жерге дейін талдағандарымызды қорытындылайтын болсақ, біріншіден, мөрі жоқ және қол қойылмаған хаттар мұсылмандық шығыста жиі кездесетін жай. Алайда, бұл мәселе сол хаттың тарихи құндылығы ешбір төмендетпе алмайды. Ең бастысы, негізгі мәтіннің сақталуы және сол мәтінді ұрпақтан ұрпаққа жеткізу болғандығын айта кеткен жөн. Екіншіден, Тәуке ханға жауап хат

жазған Қоқан билеушісінің тақмұрагері Әбдурахим би, сол кездегі беделді адамдардың бірі болғаны тарихтан белгілі. Аштарханилерден дербес болғысы келген бұл әулеттің қазақ ханының тарапынан қолдау күтуі, екі хандық арасында достық қарым-қатынасты орнатуға мүдделі болуы уақыт талабынан туындаған. Жаңадан құрылған (1709) Қоқан хандығы үшін одақтастар, жақтастар керек болғандығы анық. Ал, қазақ ханы Тәукенің Қоқан билеушісіне елші жіберіп, хат жолдауы да уақыт талабы. Тәуке хан дүние салған соң (1717-18), қазақ хандығы үш жүзге бөлініп, әр жүзді жеке хан басқаратын күн туады. Олай болса, біз қарастырып отырған кезең, бір жағынан жоңғар шапқыншылығы, екінші бір жағынан үш жаққа тараудың алдында тұрған хандық, тағы бір жағынан көршілес мұсылман билеушілердің арасындағы бітпейтін жер мен билік дауы туындаған ауыр кезең. Шындығына келгенде бұл дәуірдің қазақ хандығы үшін қаншалықты ауыр болғандығын түсіну қиын, бірақ барлық факторларды ескеруге тиістіміз. Тәуке ханның ұзақ жылдар бойы (1680-1717/18) билікте болған кезде осындай дипломатиялық хаттар алмасу арқылы, барынша бейбіт жолмен көп мәселені шешуге тырысқандығын осы хаттың мәтінімен таныса отырып, аңғаруға болады. Қалай болғанда да, тарихи маңызы орасан зор бұл хаттың мәтінінің отан, судан аман қалып, бүгінгі күнге жеткенінің өзі үлкен олжа. Сонымен қатар, хаттың алыстағы Үндістан еліндегі Хайдарабад қаласында сақталуы бізге басқа да дипломатиялық хаттардың табылуы мүмкін екендігінен хабар береді. Олай болса, жаңа, тың мәліметтермен қазақ хандарына қатысты тарихымыз толығымен түседі деген оймен қорытындылаймыз.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Дехган И. Аббас-нама. – Арак: Фарвардин, 1349/1970. – 13 б.
- [2] Дехган И. Аббас-нама. – Арак: Фарвардин, 1349/1970. – 14 б.
- [3] Фихристи нусхаха-йи хатти китапхана-йи маджлис-и шаураи ислами. – Т. 38. – Тегеран: Мәжіліс, 1374/1995. – 165 б.
- [4] Фихристи нусхаха-йи хатти китапхана-ий маркази данишпах-и Тихран. Т. 16. – Тегеран: Данишпах Тихран, 1369/1989. – 717 б.
- [5] Фихристи нусхаха-ий хатти китапхана-йи мелли Малек. – Т. 3. – Тегеран: Малек, 1365/1986. – 553 б.
- [6] Стори Ч.А. Персидская литература (био-библиографический обзор). – Т. I-III. – Л., 1927-1958 / Пер. с англ. и перераб., допол. Ю. Э. Брегель. – В 3 т. – М., Главная редакция «Восточная литература», 1972.
- [7] Дехган И. Аббас-нама. – Арак: Фарвардин, 1349/1970. – 353 бет.
- [8] Дехган И. Аббас-нама. – Арак: Фарвардин, 1349/1970. – 313 б.
- [9] Фихристи нусхаха-йи хатти китапхана-ий маркази данишпах-и Тихран. – Т. 9. – Тегеран: Данишпах Тихран, 1364/1985. – 1189 б.
- [10] Фихристи нусхаха-йи хатти китапхана-йи маджлис-и шаураи ислами. – Т. 1. – Тегеран: Мәжіліс, 1363/1984. – 47 б.
- [11] Щеглова О.П. Персозычная литографированная книга индийского производства (XIX в.). – СПб.: Петер-бургское востоковедение, 2001. – С. 6.
- [12] Catalogue of the Arabic and Persian Manuscripts in the Oriental Public Library at Bankipore. Prepared by Maulavi Abdul Muqtadir (Khan Saheb). – Patna, Superintendent Government Printing, Bihar and Orissa, 1918. – P. 7.
- [13] A catalogue of the Persian manuscripts in The Salar Jung Museum and Library compiled by Muhammad Ashraf. – Hyderabad, Andhra Pradesh, India. 1965.
- [14] Catalogue of Persian manuscripts of Rampur Raza Library compiled by dr.al-Hasan Siddiq. – Rampur: Rampur Raza library, 1996.
- [15] Catalogue of the Arabic and Persian manuscripts in the Khuda Bakhsh oriental public library / Prepared by dr. Mohd. Ghaffar Siddiqi and dr. Salimuddin Ahmad. – Patna: Khoda Bakhsh Oriental public library, 2010.
- [16] Дехган И. Аббас-нама. – Арак: Фарвардин, 1349/1970. – 15-16 бб.
- [17] Себастиан З. Переписка во время Сефевидской династии. – Тегеран: Бонгахи нашр ва тарджума, 1358. – С. 178.
- [18] Республикалық тарихи материалдарды зерттеу орталығы, қолжазба: 22 (бұл шифр «Қазақстан және Орталық Азия тарихы мен мәдениетіне қатысты парсы және түрік тілдеріндегі қолжазбалар каталогы» жарыққа шыққанда реттік санымен көрсетіліп, орталықтың жаңа шифрын алуы мүмкін екендігін ескертеміз).

REFERENCES

- [1] Dehgan I. Abbas-nama. Arak: Farvardin, 1349/1970. 13 b.
- [2] Dehgan I. Abbas-nama. Arak: Farvardin, 1349/1970. 14 b.
- [3] Fihristi nuskhahaye khatti ketapkhanaye majlis-e shouraye islami. Vol. 38. Tegeran: Majlis, 1374/1995. 165 b.
- [4] Fihristi nuskhahaye khatti ketapkhanaye markazi daneshghahi Tehran. Vol. 16. Tegeran: daneshshah Tehran, 1369/1989. 717 b.
- [5] Fihristi nuskhahaye khatti ketapkhanaye melle Malek. Vol. 3. Tegeran: Malek, 1365/1986. 553 b.

- [6] Storey Ch.A. Persian literature (bio-bibliographical overview). Vol. I-III. L., 1927-1958. Tran. from Eng. Yu. E. Bregel'. Vol I-III. – M.: main editorial staff «Vostochnaya literatura», 1972.
- [7] Dehgan I. Abbas-nama. Arak: Farvardin, 1349/1970. 353 b.
- [8] Dehgan I. Abbas-nama. Arak: Farvardin, 1349/1970. 313 b.
- [9] Fihristi nuskhahaye khatti ketapkhane markazi daneshgahi Tehran. Vol. 9. Tegeran: daneshhah Tehran, 1364/1985. 1189 b.
- [10] Fihristi nushaha-ji hatti kitaphana-ji madzhlis-i shaurai islami. T. 1. Tegeran: Məzhilis, 1363/1984. 47 b.
- [11] Sheglova O.P. Persian language lithograph book of Indian production (XIX c.). SPb.: Peterburg Oriental Studies, 2001. p. 6. (in Russ.).
- [12] Catalogue of the Arabic and Persian Manuscripts in the Oriental Public Library at Bankipore. Prepared by Maulavi Abdul Muqtadir (Khan Saheb). Patna, Superintendent Government Printing, Bihar and Orissa. 1918. P. 7.
- [13] A catalogue of the Persian manuscripts in The Salar Jung Museum and Library compiled by Muhammad Ashraf. Hyderabad, Andhra Pradesh, India, 1965.
- [14] Catalogue of Persian manuscripts of Rampur Raza Library compiled by dr.al-Hasan Siddiq. Rampur: Rampur Raza library, 1996.
- [15] Catalogue of the Arabic and Persian manuscripts in the Khuda Bakhsh oriental public library. Prepared by dr. Mohd. Ghaffar Siddiqi and dr. Salimuddin Ahmad. Patna: Khoda Bakhsh Oriental public library, 2010.
- [16] Dehgan I. Abbas-nama. Arak: Farvardin, 1349/1970. 15-16 bb.
- [17] Sevastian Z.. Correspondence during the Safavid dynasty. Tegeran: Bonghahi nashr va tarjoma, 1358. S. 178.
- [18] Respublikaliq tarixhi materyaldardi zertteu ortaligi, qoljazba: 22 (Bul shifr «Qazaqstan jane Ortaliq Asia tarixhi men madenietine qatisti parsi jane turik tilderindegi qoljazbalar katalogi jariqqa shiqqanda pettik sanimen korsetilip, ortaligtin jana shifrin alui mumkin ekedigin eskertemiz)

«ИНШАЙ ТАХИР ВАХИД» КАК ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Г. А. Камбарбекова

Институт востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: Казахстан, Центральная Азия, Иран, Индия, история, писарь, дипломатическая переписка, дворцовый протокол, казахи, шайбаниды.

Аннотация. В статье рассматривается источник под названием «Иншай Тахир Вахид», который ранее не был изучен отечественными исследователями. Персидский источник «Иншай Тахир Вахид» содержит более 45 дипломатических и других писем. Среди них автором обнаружено ответное письмо Абдурахим бия казахскому хану Тауке. Автор дает ценные сведения о дипломатической переписке рассматриваемого периода и раскрывает внутреннее содержание данного дипломатического письма.

Поступила 12.01.2015г.